

**Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ:**

«Бүгінгі мереке арқылы біздің әскери азаматтар жастарды отансүйгіштікке, Отан қорғауға тәрбиелеуге елеулі үлесін қосады деп сенемін. Ұлттық қауіпсіздік – біздің баға жетпес байлығымыз болып табылады. Ұл боп туып, жерге шыр етіп түскеннен кейін әр азаматтың борышы – Отанымызды қорғау. Бұл – барлығымыздың конституциялық міндетіміз».

КҮЗЕТКЕН ЕЛІМНІҢ АЙ-КҮНІН, ҚЫРАНДАЙ БЕРІК БОЛ, АЙБЫНЫМ!

Мың жасаған шаһардың шамшырағы



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АЛМАТЫ

АҚШАМЫ

№53-54 (5403),
6 мамыр, сенбі, 2017 жыл.

almaty-akshamy.kz E-mail: almaty-aksham@mail.ru

Газет 1988 жылдың
1 шілдесінен бастап шығады



ISSN 2223-2370



9 772223 237006



■ ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

**ЖАҢА ӘДІСПЕН
ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН
ЖАҢА ЕМХАНА
АШЫЛДЫ**

2

Ел ертеңі – білімді жастар!

«XXI ғасыр – еліміздің тарихындағы алтын ғасыр, ал сол ғасырдың жаналықтарға, үлкен жеңістерге, жемісті күндерге толы болуы – алтын жастардың, жас ұрпақтың қолында» деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, мына біз, жастардың оқуда озат, әлем жаналықтарынан құлағдар, дамыған елдер қатарында көш түзейтін елі үшін барын салуы бізге артылған міндет деп білеміз. Ол үшін әрқайсымыздың дұрыс таңдау жасап, болашаққа деген нық қадм басуымыз қажет. Біздің мақсатқа жетер жолымызда тұрған ең маңызды таңдаудың бірі – мамандық таңдау деп білеміз. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындары әлемдік тәжірибеге сүйеніп, оқу жүйесінің өзіндік ерекшеліктерімен айрықшаланатын, үздік университеттердің қатарына кірген әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін ерекше атап өткен орындар.

Жаңа ғасырға қол созып, көш түзеген сайын әсері мол саяси, әлеуметтік, мәдени жаналықтар мен экономикалық өзгерістердің де орын алуына толық көз жеткізіп жүріміз. Өркениетті, дамыған елдердің

алдыңғы қатарынан орын алу үшін алдымен экономикалық қабілеттілігімізді арттыру маңызды. Осыған орай, әлемдік экономикалық тәжірибелер үлгісімен алмасып, еліміздің экономикалық әлеуетінің жоғарылауына өзіндік үлесін қосып, білікті мамандар даярлауда университетіміздегі Экономика және бизнес жоғары мектебі ерен еңбегімен ерекше көзге түсіп келеді. Факультетіміздің білімі мен сапалық көрсеткішін арттыруда аянбай қызмет етіп келе жатқан деканымыз экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Баян Ермекбаеваның еңбегі орасан зор. Экономика және бизнес жоғары мектебі 4 кафедра бойынша білікті кадрлар даярлап келеді. Соған байланысты факультет деңгейінде үздік нәтижелер мен үлгілі жетістіктер көрсетіп жүрген «Есеп және аудит» мамандығына ерекше тоқталып өткіміз келеді. Жалпы, әлемдік тәжірибеге сүйенер болсақ, бухгалтерлік есепті бизнестің тілі деп атайды. Яғни, бухгалтерлік есеп – шексіз мүмкіндіктер мен дүние жүзінің кез келген еліне жол ашатын әлемдік экономиканың маңызды және жоғары табысты саласы. Демек, экономиканың қыр-сырын жетік менгеріп, экономикалық қабілеттілік деңгейін арттыруға өз үлесіңізді қосамын десеңіз жол ашық. Осы талапқа сай

үздіксіз ізденіспен үлгілі қызмет көрсетіп келе жатқан «Есеп және аудит» кафедрасының ұжымы тәжірибелі, жоғары санатты, білікті оқытушы мамандардан құралған. Кафедраны экономика ғылымдарының докторы, профессор Адиля Байдильдина басқарады.

«Есеп және аудит» мамандығы түлегін жұмысқа орналастырудың мүмкіндігі өте үлкен: олар өртүрлі қызмет саласында бухгалтер, аудитор, жоспарлау-экономикалық бөлімнің маманы, басқылау-тексеру бөлімінің маманы, бас бухгалтер, қаржы директоры ретінде жұмыс істеумен қатар, аудиторлық қызмет көрсету, бухгалтерлердің қызметін ұсыну, консалтингтік қызмет түрлерін көрсету фирмаларын ашу, табысты бизнесті жүргізудің де озық үлгілерін еркін меңгере алады.

Ертеңгі болашағына именбей, сеніммен қарап, анық қадам басуына жағдай тудызыр әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің алдыңғы көшінде сап түзеген Экономика және бизнес жоғары мектебінің есігі әрдайым баршаға ашық!

**Г.ЖҮНИСОВА,
К.АҚЫМБАЕВА,**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің,
ЭжБЖМ-нің, «Есеп және аудит»
кафедрасының аға оқытушылары.

Ардагерге құрмет – ерлікке тағзым



А б д о л л а
Қ а р с а қ б а е в
атындағы №41
жалпы білім беретін мектепте
Ұлы Женістің 72
жылдығы мерекесі аясында ардагерлермен кездесу болып өтті.

Мектеп директоры Ләззат Доланбаева өзінің құттықтау сөзінде Ұлы Отан соғысы майданында қан кешіп, асқан ерліктің үлгісін көрсеткен майдан ардагерлеріне алғыс білдірді! Қатарлары тым сиреп қалған соғыс ардагерлеріне қандай сый, құрмет көрсетілсе де артық емес. Олардың алдында бас ию, ерлікке тағзым ету – бүгінгі қауымымыз, әсіресе, жас ұрпақтың ең қастерлі борышы екені сөзсіз.

Кездесуде соғыс ардагері, «Құрылысшы» ықшамауданының тұрғыны Зоя Бойшокова соғыста көрсеткен ерлігі туралы сөз қозғап, өз өмірі жайында қысқа-нұсқа баяндап берді. Ардагеріміз құпия бөлімде қызмет еткенін, ол бөлімнің өте қатал, талапшыл болғанын ерекше атап өтті. Жалпы, карт әже

ТҮЗЕТУ

«Алматы ақшамы» газетінің 2017 жылғы 4 мамырдағы №52 (5401) санында жарияланған Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі №2/120 «Алматы қаласында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» қаулысы жарамсыз деп танылсын.

Утерьянные в г.Караганда: контрольно-кассовая машина ККМ, Регистрационная карточка ККМ, паспорт контрольно-кассовой машины ККМ, Книга учета наличных денег, Книга товарных чеков, зарегистрированные в УГД г.Караганда и принадлежности «ТОО Queen's Cup», БИН 071140023710, считать действительными.